

B.Well®



Инструкция по эксплуатации

ИНГАЛЯТОР МЕМБРАННЫЙ

RUS

KZ



MESH SONIC NEBULIZER WN-114

Медицинский мембранный ингалятор B.Well

Модель WN-114 Mesh

Содержание

1. Введение	4
2. Инструкция по технике безопасности	5
Опасность поражения электрическим током	7
3. Изображение прибора и его основные части	8
4. Подготовка прибора к работе	9
Ингаляции через мундштук	10
Ингаляции через маску	10
Проведение ингаляции	11
Использование адаптера для питания от электросети	12
5. Очистка, уход и хранение	13
Уход и хранение	14
6. Таблица возможных неисправностей	15
7. Технические характеристики	16
8. Сертификаты	16
9. Гарантийные обязательства	17

1. Введение

Уважаемый покупатель, поздравляем Вас с приобретением мембранного ингалятора (небулайзера)* WN-114 Mesh компании B.Well.

Данный прибор применяется для лечения острых респираторных заболеваний, хронических заболеваний дыхательных путей, бронхиальной астмы, пневмонии и других заболеваний органов дыхания.

Принцип действия прибора основан на инновационной технологии распыления лекарства с использованием сетки-мембраны. В данном приборе для аэрозольной терапии распыление лекарственного средства происходит при прохождении потока препарата через мельчайшие отверстия в сетке-мембране. Технология характеризуется **абсолютной бесшумностью**. Особая конструкция распылительной камеры позволяет проводить ингаляции под углом наклона до 45° без ущерба для процесса распыления, что делает его удобным для проведения ингаляций лежащим больным и маленьким детям во время сна.

Компания B.Well гарантирует, что данный прибор произведен из высококачественных материалов и соответствует действующим национальным и международным стандартам безопасности. Небулайзер является медицинским прибором, поэтому использовать его можно только в соответствии с указаниями Вашего врача.

Пожалуйста, перед использованием прибора внимательно изучите инструкцию и следуйте данным рекомендациям!

* далее по тексту слова «ингалятор» и «небулайзер» считать равнозначными.

2. Инструкция по технике безопасности

Перед началом использования, внимательно изучите инструкцию. Сохраняйте ее в течение всего срока службы прибора. Данный прибор предназначен только для ингаляционной терапии. Любое иное применение считается неправильным, а следовательно, опасным. Производитель не несет ответственности за повреждения, возникшие вследствие неправильного применения прибора.

Правила использования небулайзера

В мембранном небулайзере B.Well WN-114 Mesh может применяться весь перечень лекарственных препаратов, рекомендованных для небулайзерной терапии. Тип лекарственного средства, дозу и режим введения может назначить только лечащий врач.

⚠ Внимание! В качестве препаратов для небулайзерной терапии категорически запрещено применять:

- вещества и растворы, содержащие взвешенные частицы (отвары, суспензии, настои и т.д.). Взвешенные частицы значительно крупнее, чем частицы респираторной фракции. Использование их в небулайзере может нанести вред здоровью;
- маслосодержащие растворы (в том числе эфирные масла). Частицы масел, попадая в нижние дыхательные пути, образуют мельчайшие пленки и повышают риск развития так называемых «масляных пневмоний»;
- огнеопасные анестезирующие смеси, легко воспламеняющиеся при контакте с воздухом, кислородом и закисью азота;
- ароматические вещества.

⚠ Внимание!

- Внимательно следите за сроком годности разрешенных к использованию растворов. Не используйте растворы с истекшим сроком годности.

- Во избежание распространения инфекций, не допускается использование одних и тех же комплектующих различными пациентами без предварительной дезинфекции.
- Если вы используете комплектующие первый раз или после длительного хранения, их очистку дезинфекцию необходимо провести до начала использования прибора.
- Очистку и дезинфекцию комплектующих необходимо проводить каждый раз, после использования прибора. Удостоверьтесь, что детали должным образом продезинфицированы и высушены, после чего храните их в чистом месте.
- Комплектующие прибора нельзя кипятить.
- Всегда очищайте небулайзер и его составные части от остатков лекарственных и моющих веществ. Никогда не оставляйте очищающий раствор в камере, мундштуке или на маске.
- Небулайзер и его компоненты нельзя сушить в микроволновой печи, феном или с помощью других бытовых приборов.
- Во время использования небулайзера не закрывайте вентиляционные отверстия прибора. При использовании не накрывайте небулайзер одеялом, полотенцем и т.д. Никогда не размещайте прибор в месте, где существует угроза прекращения доступа воздуха к этим отверстиям.
- Храните прибор в недоступном для детей месте. Прибор содержит мелкие детали, опасные для ребенка. Дети могут пользоваться прибором только под присмотром взрослых.
- Не подвергайте прибор воздействию вредных паров или летучих веществ.
- Не наливайте в емкость для лекарств более 8 мл лекарственного раствора.
- Не роняйте прибор и не подвергайте его повреждениям.
- Прибор одобрен только для использования человеком. Используйте его только по назначению.
- Не использовать прибор для распыления лекарственных препаратов в форме порошка или препаратов с кислой средой. Не использовать для распыления воды. В качестве жидкости использовать только физиологический раствор (изотонический раствор хлорида натрия).

- После каждого использования необходимо производить чистку прибора, так как остатки использованного препарата могут затвердеть и повредить механизм и сетку-мембрану.
- Перед использованием прибора необходимо убедиться в отсутствии неисправностей и видимых физических повреждений. При наличии каких-либо сомнений не следует использовать прибор, необходимо связаться с авторизованным сервисным центром или позвонить по бесплатной горячей линии в России 8-800-200-33-22.
- В случае неисправности и/или ненормальной работы прибор необходимо немедленно выключить, не пытаясь его отремонтировать самостоятельно. В любых случаях по вопросам ремонта следует обращаться в авторизованный сервисный центр.


Опасность поражения электрическим током

- Прибор не защищен от проникновения жидкости.
- Нельзя прикасаться к прибору мокрыми руками.
- Не отсоединяйте распылитель при работающем приборе.
- Не погружайте прибор в воду.
- Нельзя оставлять включенный прибор без присмотра.
- Ремонт данного прибора должен осуществляться только в центрах технического обслуживания, рекомендованных компанией B.Well.

⚠ Внимание! Данный прибор оснащен датчиком, автоматически отключающим прибор при отсутствии лекарственного средства в распылительной камере.


3. Изображение прибора и его основные части

1. Крышка прибора
2. Замки для фиксации крышки
3. Кнопка Вкл/Выкл (ON/OFF)
4. Индикатор работы вкл/выкл (ON/OFF)
5. Индикатор разрядки батареи
6. Распылительная камера
7. Емкость для лекарства
8. Фиксаторы емкости для лекарств
9. Мундштук
10. Маска для взрослого
11. Маска детская
12. Переходник
13. Батарейный отсек
14. Вход для подключения сетевого адаптера (сетевой адаптер поставляется отдельно)
15. Сумка для хранения
16. Элементы питания типа AA



4. Подготовка прибора к работе

- Перед работой с небулайзером тщательно вымойте руки. Достаньте прибор и его комплектующие из коробки. Очистите и продезинфицируйте распылитель, мундштук, маску для лица (если их используют в первый раз после длительного хранения прибора и/или в том случае, если ими пользуются несколько человек).
- Снимите крышку батарейного отсека. Вставьте 4 щелочные батареи на 1,5 В АА с учетом обозначения полярности, проследив за тем, чтобы язычок находился под батареями. Установить крышку обратно.
- Установите небулайзер на ровную устойчивую поверхность таким образом, чтобы при проведении ингаляций было удобно пользоваться распылителем, аксессуарами и кнопкой включения/выключения.
- Установите емкость для лекарства с распылительной камерой на корпус прибора, осторожно нажав на нее до щелчка. Откройте крышку емкости для лекарств, откинув замок.
- Залейте необходимое количество прописанного врачом раствора в емкость для лекарств и закройте ее на замок.
- Верхнюю часть прибора накрыть крышкой, которая должна быть надежно закреплена на корпусе обоими замками, что происходит в момент фиксации щелчком.
- Установите на распылительной камере мундштук, или маску для взрослых/детей при помощи переходника.
- Перед использованием прибора убедитесь, что все детали подсоединены должным образом;




⚠ Внимание! Прибор можно включать только при наличии препарата в распылительной камере!

⚠ Внимание! Вместимость емкости для лекарств составляет 8 мл. На емкости для лекарств нанесена шкала. Шкала служит для примерной оценки объема лекарственного раствора и отображает объем лекарства при установленной распылительной камере.

Ингаляция через мундштук:

- Установите мундштук на распылительной камере.
- Плотно обхватите мундштук губами.
- Делайте медленные глубокие вдохи через рот, выдохи через нос. Для повышения эффективности лечения следует ненадолго задерживать дыхание после вдоха. Процедуру рекомендуется проводить в спокойном, расслабленном состоянии. Дыхание должно быть ровным не очень быстрым.
- При необходимости кратковременного прерывания ингаляции вынуть мундштук изо рта, а затем снова вставить его в рот.




⚠ Внимание! При ингаляции с использованием мундштука в нем может оседать часть лекарственного препарата. В этом случае после процедуры необходимо выполнить следующие действия:

- Отсоединить мундштук от распылительной камеры, следя за тем, чтобы препарат не выливался.
- Слить препарат из мундштука обратно в емкость для лекарства.
- Продолжить процедуру с оставшимся препаратом, если его объем превышает 0,5 см³.

Ингаляции через маску:

- Между маской и распылительной камерой установить переходник и закрепить его на распылительной камере.



- Несильно прижать маску в области носа. Маска должна плотно закрывать нос и рот без сильного давления на них.
- Делайте медленные и глубокие вдохи и выдохи через нос. Для повышения эффективности лечения следует ненадолго задерживать дыхание после вдоха. Процедуру рекомендуется проводить в спокойном, расслабленном состоянии. Дыхание должно быть ровным и не очень быстрым. При необходимости кратковременного прерывания ингаляции убрать маску с лица, а затем снова расположить ее в области носа и рта.

Проведение ингаляции:

Включите прибор при помощи кнопки вкл/выкл. Проверьте, загорелся ли индикатор работы (голубая лампочка) Во время процедуры можно наклонять прибор вперед, назад или вбок максимум на 45° без ущерба для процесса распыления. Однако не рекомендуется трясти его при полной распылительной камере во избежание поломок, вызванных попаданием жидкости внутрь прибора. При возникновении чувства дискомфорта процедуру следует немедленно прекратить.

Прибор оборудован устройством автоматического отключения, срабатывающим, когда препарат заканчивается.

В любом случае, при отсутствии потока аэрозоля ингалятор (небулайзер) необходимо выключить. Запрещается включать прибор, если препарат закончился, так как это может привести к поломке. Ингалятор (небулайзер) можно выключить в любой момент, нажав на кнопку вкл/выкл.

⚠ Внимание! Температура вдыхаемого аэрозоля зависит от температуры окружающей среды и температуры лекарственного раствора. Если раствор хранился в холодильнике, перед употреблением его рекомендуется довести до температуры 16-20°C.

⚠ Внимание!

- Запрещается включать прибор, если препарат закончился, так как это может привести к поломке.

- При низком уровне заряда батарей загорится индикатор разряда батарей и прибор через некоторое время отключается автоматически независимо от наличия препарата в емкости для лекарства.
- Заряд батарей продолжает уменьшаться, даже когда прибор не используется, поэтому при длительном неиспользовании рекомендуется вынуть батареи.
- Отработанные батареи не следует утилизировать с обычными отходами. Необходимо использовать специальные контейнеры для утилизации аккумуляторов.

Распылительная камера и емкость для лекарства являются расходными деталями подверженными износу.

Срок их службы зависит от многих факторов: продолжительности использования, содержания различных веществ в препаратах, а также правильной чистки и обслуживания после проведения лечебной процедуры. Средний срок службы распылителя составляет полгода. По вопросу покупки новой распылительной камеры или лекарственной камеры просим обратиться в авторизованный сервисный центр.

Использование адаптера для питания от электросети (Не входит в стандартный комплект)

Питание прибора может осуществляться от четырех щелочных батарей типа AA на 1,5 В, или от электросети с использованием адаптера AD -114C (не входит в стандартный комплект). Снять резиновую перегородку, защищающую электрический выход в нижней части распылителя. Сначала подключите адаптер через разъем к ингалятору, а затем к сети 220 В 50 Гц.

⚠ Внимание!

- Использовать только адаптер фирмы V.Well. Использование других адаптеров может привести к поломке прибора.

Бактериальное загрязнение

При наличии заболеваний с риском заражения и загрязнения рекомендуется использование индивидуальных насадок (исключительно в соответствии с указаниями лечащего врача).

5. Очистка, уход и хранение

- Перед чисткой извлеките батареи, или, в случае питания от электросети, отсоедините адаптер от сети и от ингалятора. Проверьте, установлена ли резиновая прокладка в нижней части прибора, защищающая его от попадания жидкости.
- Снимите крышку прибора и откройте крышку распылительной камеры. Слейте из камеры оставшийся в ней препарат. Очистите емкость для лекарств и распылительную камеру следующим образом: — снимите емкость для лекарства с корпуса прибора, нажав на оба замка, расположенные в ее нижней части одновременно. Не снимайте распылительную камеру.
- Налейте в емкость для лекарств 8 мл дезинфицирующего раствора (спиртовой дезинфицирующий раствор или раствор перекиси водорода 3 — 8%), оставьте на 10 минут, затем несильно встряхните камеру. Слейте раствор.
- Налейте в емкость для лекарств 8 мл воды; оставьте на 10 минут, затем несильно встряхните камеру. Слейте воду.
- Отсоедините распылительную камеру от емкости для лекарств, повернув ее на 45 градусов в направлении против часовой стрелки, и промойте под струей воды. Емкость для лекарств также промойте под струей воды.
- Очистите два золотистых винта, установленных на распылительной камере, при помощи ватной палочки, смоченной спиртовым раствором. Снова промойте под струей воды и дайте высохнуть. По завершении чистки установите распылительную камеру на емкости для лекарств, выполнив действия по разборке в обратном порядке. (Проверьте положение двух золотистых винтов, которые должны быть направлены вниз и быть в одной плоскости с дном емкости для лекарств.)
- Перед установкой емкости для лекарств на корпусе прибора убедитесь, что она полностью высохла. Для установки расположите емкость для лекарств на корпусе прибора и несильно прижмите до щелчка.

- Очистите внешние поверхности прибора при помощи мягкой ткани, смоченной водой, и нейтрального мыла. (Запрещается мыть весь прибор под струей воды. Необходимо следить за тем, чтобы в прибор не попала жидкость)

Рекомендуется проводить дезинфекцию насадок после каждого использования для уменьшения риска развития инфекций. Для этого мундштук, переходник и маски вымыть под струей воды и на 10 минут поместить в дезинфицирующий раствор (спиртовой дезинфицирующий раствор или раствор перекиси водорода), затем насадки необходимо ополоснуть и полностью высушить перед повторным использованием. Перед первым использованием ингалятора все его детали и комплектующие также необходимо продезинфицировать.

Перед использованием прибор, его детали и комплектующие должны быть совершенно сухими.

Прибор с насадками должен храниться в прохладном сухом месте в футляре, входящем в комплект.

⚠ Внимание! Чтобы избежать распространения инфекций, рекомендуется проводить дезинфекционную обработку частей прибора после каждого применения. Используйте для лечения только препараты, выписанные Вашим лечащим врачом, и строго следуйте его указаниям.

Запрещается вскрывать прибор. Ремонт данного прибора должен осуществляться только в центрах технического обслуживания, рекомендованных компанией B. Well.

Примечание: после 3 месяцев интенсивной эксплуатации распылительную камеру рекомендуется заменить.

Уход и хранение

Для того, чтобы Ваш прибор мог служить Вам долго, следуйте следующим указаниям:

- не храните прибор при чрезмерно высокой или низкой температуре, повышенной влажности или под прямыми солнечными лучами;

- утилизация прибора и любых использованных принадлежностей должна осуществляться в соответствии с местными нормативными актами;
- никогда не проводите очистку при помощи бензина, растворителя или огнеопасного химического средства.

6. Таблица возможных неисправностей

В случае возникновения каких-либо неисправностей, внимательно изучите таблицу и попробуйте их устранить.

Признак	Возможная причина	Решение
При включении прибор не работает.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Прибор собран неправильно. 2. Батареи разрядились. 3. Прибор неправильно подсоединен к электросети. 4. Нет электричества. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Правильно соберите прибор. 2. Замените элементы питания. 3. Проверьте правильность подсоединения. 4. Убедитесь, что электричество не отключено.
Аэрозоль не образуется совсем либо образуется в недостаточном количестве.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Препарат в распылительной камере практически израсходован. 2. В жидкости для ингаляции присутствуют пузырьки. 3. Проверьте распылительную камеру на предмет наличия остатков препарата со времени последней процедуры. 4. Угол наклона распылителя во время процедуры составил более 45°. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Залейте препарат в камеру для лекарственного средства. 2. Удалите пузырьки из распылительной камеры и затем нажмите на кнопку выключателя. 3. Очистите распылительную камеру, или протрите мягкой сухой тканью. 4. Держите прибор во время ингаляции в правильном положении.

7. Технические характеристики

Источник питания:	4 аккумуляторные батареи 1,5 В класса AA
Условия эксплуатации:	температура: мин. 5°С, макс. 40°С
Относительная влажность:	менее 80%, при отсутствии конденсата
Условия хранения:	температура: мин. 10°С, макс. 40°С
Относительная влажность:	менее 80%, при отсутствии конденсата
Частота ультразвука:	100 кГц
Скорость распыления:	более 0,35 мл/мин
Средний диаметр аэрозольных частиц:	4,8 мкм (микрон)
Максимальный объем вдыхаемого препарата:	макс. 8 мл = 8 см ³
Габариты:	7,5 × 7,5 × 14,4 см
Масса:	300 г
Время работы батарей:	примерно 100 минут

Изделие типа ВF

Изделие класса 2a (со средней степенью риска применения)

Приведенные выше данные являются ориентировочными, и могут изменяться от физических свойств (температуры, вязкости, плотности) распыляемого вещества. Возможны изменения технических характеристик и дизайна прибора в целях их улучшения без предварительного уведомления.

8. Сертификаты

Высокое качество прибора и комплектующих подтверждено документально: Регистрационное удостоверение РОСЗДРАВНАДЗОРА (ФС №2006/91 от 30.01.06). Сертификат соответствия Госстандарта России.

9. Гарантийные обязательства

Изготовитель обеспечивает бесплатное сервисное обслуживание изделия* в течение 10 лет, и гарантийные обязательства в течение 24 месяцев с даты приобретения прибора. При обнаружении производственного дефекта в течение срока гарантии неисправный прибор будет отремонтирован, а в случае невозможности ремонта заменен бесплатно.

Гарантийные обязательства действительны только при полностью заполненном гарантийном талоне и наличии печати торгового предприятия или печати технического обслуживания.

Гарантийное и бесплатное сервисное обслуживание не производится при наличии на корпусе прибора следов механического воздействия, вмятин, трещин, сколов и т.п., следов вскрытия корпуса, следов попыток ремонта вне авторизованного центра технического обслуживания, следов попадания влаги внутрь корпуса или воздействия агрессивных средств, а также в других случаях нарушения потребителем правил хранения, транспортировки и технической эксплуатации прибора, предусмотренных правилами, изложенными в инструкции по эксплуатации.

Гарантия не распространяется на комплектующие, подверженные износу (распылительная камера, емкость для лекарства, мундштук, маски и др.), а также батареи и упаковку прибора.

Гарантия не распространяется на дефекты, возникшие вследствие подключения к электросети через сетевые адаптеры, не рекомендованные компанией B. Well, а также вследствие перенапряжения в электросети.

Информацию по техническому обслуживанию, как в рамках настоящей гарантии, так и платному, можно получить в авторизованном сервисном центре или по телефону бесплатной горячей линии по России **8-800-200-33-22**.

* *бесплатное сервисное обслуживание – устранение недостатков (дефектов) изделия возникших по вине производителя*

Срок службы приборов V.Well установлен не менее 10 лет. Учитывая высокое качество продукции V.Well, фактический срок службы приборов может значительно превышать официальный.

Политика компании V.Well предусматривает постоянное совершенствование продукции. В связи с этим компания оставляет за собой право вносить полные или частичные изменения в продукцию без предварительного уведомления и в соответствии с производственными требованиями.

Rus

Дата производства указана в серийном номере: первые две цифры – год производства, следующие две цифры – месяц производства.

Центральная сервисная служба V.Well в России

Москва, ЗАО «Альфа-Сервис»,
ул. Бехтерева д.27,
Тел. (495) 325-45-63

*Адреса сервисных мастерских в Вашем городе Вы можете узнать по телефону бесплатной горячей линии **8 800 200-33-22** или на сайте компании «Альфа-Медика» **www.alpha-medica.ru***

V. Well медициналық жарғақтық ингаляторы Модель WN-114 Mesh

Мазмұны

1. Кіріспе	20
2. Қауіпсіздік техникасы жөнінде нұсқаулық	21
Электр тогының соққысын алу қаупі	23
3. Аспаптың суреті және оның негізгі бөлшектері	24
4. Аспапты жұмысқа дайындау	25
Мүштік арқылы ингаляциялар:	26
Бетперде арқылы ингаляциялар:	26
Ингаляцияны жүргізу	27
Электр желісінен қуат алатын адаптерді пайдалану	28
5. Тазалау, күтім және сақтау	29
Күтім және сақтау	30
6. Ықтимал ақаулықтар кестесі	31
7. Техникалық сипаттамалары	32
8. Сертификаттар	32
9. Кепілдік міндеттемелер	33

1. Кіріспе

Құрметті сатып алушы! Сізді B.Well компаниясының жаңартылған WN-114 Mesh жарғақтық ингаляторын (небулайзерін)* сатып алуыңызбен құттықтаймыз!

Осы аспап ауыр респираторлық ауруларды, тыныс жолдарының созылмалы ауруларын, бронхылық астманы, пневмонияны және тыныс органдарының басқа ауруларын емдеу үшін әзірленген.

Аспаптың жұмыс принципі дәрі-дәрмекті торша-жарғақты пайдаланып бүркітетін инновациялық технологияға негізделген. Осы аспапта аэрозольдік терапия үшін дәрі-дәрмектік құралды бүрку препараттың ағыны торша-жарғақтағы өте ұсақ тесіктер арқылы өткен кезде жүреді. Технологияға абсолютті шусыздық тән. Бүркігіш камераның ерекше конструкциясы бүркіту үдерісіне нұқсан келтірмей, ингаляцияны 45° градусқа дейін еңіс бұрышта жүргізуге мүмкіндік береді, бұл оны төсек тартып жатқан науқастарға және ұйқыда жатқан кішкентай балаларға ингаляциялар жасау үшін ыңғайлы етеді.

B.Well компаниясы осы аспаптың жоғары сапалы материалдардан жасалғанына және қолданыстағы ұлттық және халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігіне кепілдік береді. Небулайзер медициналық аспап болып табылады, сондықтан оны тек Сіздің дәрігеріңіздің нұсқауларына сәйкес пайдалануға болады.

Аспапты пайдаланардан бұрын, нұсқаулықты мұқият зерделеп шығып, осы ұсыныстамаларды ұстануыңызды өтінеміз!

* бұдан әріде мәтін бойынша «ингалятор» және «небулайзер» сөздері бірдей болып саналады.

2. Қауіпсіздік техникасы жөнінде нұсқаулық

Пайдалануды бастардың алдында нұсқаулықты мұқият зерделеп шығыңыз. Оны аспаптың бүкіл қызмет мерзімінің барысында сақтаңыз. Бұл аспап тек ингаляциялық терапияға арналған. Кез келген өзге қолдану бұрыс, демек қауіпті деп саналады. Өндіруші аспапты бұрыс қолданудың салдарынан туындаған зақымдар үшін жауапкершілік көтермейді.

Небулайзерді пайдалану ережелері

V. Well WN – 114 Mesh жарғақтық небулайзерінде небулайзерлік терапия үшін ұсынылатын дәрі-дәрмектік препараттардың бүкіл тізбесі қолданыла алады. Дәрі-дәрмектік құралдың түрін, дозасын және енгізу режимін тек емдеуші дәрігер тағайындай алады.

- ⚠ Назар аударыңыз!** Небулайзерлік терапияға арналған препараттар ретінде төмендегілерді қолдануға үзілді-кесілді тыйым салынады:
- құрамында жүзгін бөлшектер бар заттектер (қайнатпалар, суспензиялар, тұнбалар және т.б.). Жүзгін бөлшектер респирабельді фракция бөлшектеріне қарағанда айтарлықтай ірі. Оларды небулайзерде пайдалану денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін;
 - майқұрамдас ерітінділер (соның ішінде эфир майлары). Майлардың бөлшектері астыңғы тыныс жолдарына түскенде өте ұсақ таспалар түзеді және «майлы пневмониялар» деп аталатын аурулардың өрбу тәуекелдігін арттырады;
 - ауамен, оттеппен және азот тотығымен қосылған кезде оңай тұтанатын от қауіпті анестезиялық қоспалар;
 - хошистендіргіш заттектер.

⚠ Назар аударыңыз!

- Пайдалануға рұқсат етілген ерітінділердің жарамдылық мерзімін мұқият қадағалаңыз. Жарамдылық мерзімі өтіп кеткен ерітінділерді пайдаланбаңыз.
- Жұқпалардың таралуынан сақ болу үшін, бір жиынтықтауыштарды алдын ала дезинфекциялаусыз түрлі пациенттердің пайдалануына жол берілмейді.

- Егер сіз жиынтықтауыштарды алғаш рет немесе ұзақ уақыт сақтағаннан кейін пайдалансаңыз, оларды тазалауды және дезинфекциялауды аспапты пайдалана бастағанға дейін жүргізу қажет.
- Жиынтықтауыштарды тазалауды және дезинфекциялауды аспапты пайдаланғаннан кейін әркез жүргізіп отыру қажет. Бөлшектердің тиісті түрде дезинфекцияланғанына және құрғатылғанына көз жеткізіңіз, содан кейін оларды таза жерде сақтаңыз.
- Аспаптың жиынтықтауыштарын қайнатуға болмайды.
- Небулайзер мен оның құрамдас бөліктерін әрдайым дәрі-дәрмектік және жуғыш заттектердің қалдығынан тазалап отырыңыз. Ешқашанда камерада, мүштікте немесе бетпердеде тазартқыш ерітінді қалдырмаңыз!
- Небулайзер мен оның құрауыштарын микротолқынды пеште, фенмен немесе басқа тұрмыстық аспаптардың көмегімен құрғатуға болмайды.
- Небулайзерді пайдаланған уақытта аспаптың желдеткіш ойықтарын жаппаңыз. Пайдаланған кезде небулайзердің үстінен көрпе, сүлгі және т.б. жаппаңыз. Ешқашанда аспапты ол ойықтарға ауа келуінің доғарылу қаупі бар жерде орналастырмаңыз.
- Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Аспаптың құрамында сәби үшін қауіпті ұсақ бөлшектер бар. Балалар құрылғыны тек ересектердің қадағалауымен ғана пайдалана алады.
- Аспапты зиянды заттектердің немесе ұшқыр заттектердің әсеріне түсірмеңіз.
- Дәрі-дәрмекке арналған сыйымдыққа 8 мл-ден астам дәрі-дәрмектік құрал құймаңыз.
- Аспапты құлатпаңыз және оны зақымдарға ұшыратпаңыз.
- Тек адамның пайдалануы үшін мақұлданған. Оны тек нысаналы мақсаты бойынша пайдаланыңыз.
- Аспапты ұнтақ түріндегі дәрі-дәрмекті препараттарды немесе қышқыл орталы препараттарды бүрку үшін пайдаланбаңыз. Су бүрку үшін пайдалануға болмайды. Сұйықтық ретінде тек физиологиялық ерітіндіні (натрий хлоридының изотоникалық ерітіндісін) пайдалану керек.
- Әр пайдаланғаннан кейін аспапты тазалауды жүргізу қажет, өйткені пайдаланылған препараттың қалдықтары қатып қалғаннан кейін, механизмді және торша-жарғақты бүлдіруі мүмкін.

- Аспапты пайдаланбастан бұрын, ақаулықтардың және көзге түсетін физикалық зақымдардың жоқтығына көз жеткізу қажет. Қандай да бір секем болған жағдайда, аспапты пайдаланбау керек, уәкілетті сервис орталығына хабарласу немесе Ресейдегі 8-800-200-33-22 ақысыз жедел желі арқылы қоңырау шалу қажет.
- Аспап ақаулы болған және/немесе қалыпты жұмыс істемеген жағдайда, оны дереу өшіру қажет, және өз бетіңізбен жөндеуге талпынбаңыз. Кез келген жағдайда жөндеу мәселелері бойынша уәкілетті сервис орталығына жүгіну керек.


Электр тогының соққысын алу қаупі

- Аспап сұйықтың түсуінен қорғалмаған.
- Аспапты су қолмен ұстауға болмайды.
- Аспап жұмыс істеп тұрған кезде бүркігішті ағытпаңыз.
- Аспапты суға салмаңыз.
- Қосулы тұрған аспапты қараусыз қалдыруға болмайды.
- Осы аспапты жөндеу тек B.Well компаниясы ұсынған техникалық қызмет көрсету орталықтарында жүзеге асырылуға тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Осы аспап бүркігіш камерада дәрі-дәрмектік құрал жоқ кезде аспапты автоматты түрде ажырататын бергішпен жарақталған.



3. Аспаптың суреті және оның негізгі бөлшектері

1. Аспаптың қақпағы
2. Қақпақты бекітуге арналған құлыптар
3. Қосу/Өшіру(ON/OFF) батырмасы
4. Қосу/Өшіру(ON/OFF) жұмысының индикаторы
5. Батареяның разрядталу индикаторы
6. Бүркіту камерасы
7. Дәрі-дәрмекке арналған сыйымдық
8. Дәрі-дәрмекке арналған сыйымдықты бекіткіштер
9. Мүштік
10. Ересекке арналған бетперде
11. Бала бетпердесі
12. Өтпелік
13. Батарея қуысы
14. Желілік адаптерді қосуға арналған кіріс (желілік адаптер бөлек жеткізіледі)
15. Сақтауға арналған қоржын
16. AA типті қуат элементтері



4. Аспапты жұмысқа дайындау

- Небулайзермен жұмыс істердің алдында қолыңызды мұқият жуыңыз. Аспап пен оның жиынтықтауыштарын қорапшадан шығарыңыз. Бүркігішті, мүштікті, бетке арналған бетпердені тазалаңыз және дезинфекциялаңыз (егер олар аспап ұзақ уақыт сақталғаннан кейін алғаш рет пайдаланылатын болса, және/немесе оларды бірнеше адам пайдаланатын жағдайда).
- Батарея қуысының қақпағын шешіңіз. Полярлығының белгілемесін ескере отырып, тіл батареялардың астында тұратындай етіп, 1,5 В АА арналған 4 сілтілі батареяны салыңыз. Қақпақты орнына қойыңыз.
- Небулайзерді ингаляциялар жасаған кезде бүркігіш, аксессуарлар мен қосу/өшіру түймешігі пайдалануға ыңғайлы болатындай етіп, тегіс орнықты беттің үстіне орнатыңыз.
- Бүркігіш камерасы бар дәрі-дәрмекке арналған сыйымдықты аспаптың корпусының үстіне орнатып, оны шыртыл естілгенге дейін ақырын басыңыз. Құлыпты айқарып, дәрі-дәрмекке арналған сыйымдықтың қақпағын ашыңыз.
- Дәрі-дәрмекке арналған сыйымдыққа дәрігер тағайындаған ерітіндінің қажетті көлемін құйып, оның құлпын жабыңыз.
- Аспаптың үстіңгі бөлігін қақпақпен жабыңыз, ол корпусқа екі құлпымен де мықты бекітілуге тиіс, бұл шыртыл естілген сәтте орындалады.
- Бүркігіш камераның үстіне өткізгіштің көмегімен мүштікті немесе ересектерге/балаларға арналған бетпердені орнатыңыз.
- Аспапты пайдаланбастан бұрын, барлық бөлшектердің тиісті түрде жалғанғанына көз жеткізіңіз;




⚠ Назар аударыңыз! Аспапты тек бүркігіш камерада препарат бар кезде ғана қосуға болады!

⚠ Назар аударыңыз! Дәрі-дәрмекке арналған сыйымдықтың көлемі 8 мл құрайды. Дәрі-дәрмекке арналған сыйымдыққа шәкіл түсірілген. Шәкіл дәрі-дәрмектік ерітіндінің көлемін шамалап бағалау үшін керек және бүркігіш камерасы орнатылғанда дәрі-дәрмектің көлемін көрсетеді.

Мүштік арқылы ингаляциялар:

- Мүштікті бүркігіш камераның үстіне орнатыңыз.
- Мүштікті ерніңізбен мықтап қысыңыз.
- Мұрынмен баяу терең дем тартып, ауызбен дем шығарыңыз. Емнің тиімділігін арттыру үшін, дем шығарғаннан кейін тынысты сәл кідіртіп отыру керек. Процедураны тыныш, жайбарақат күйде жүргізген жөн. Тыныс тегіс болуға, әрі онша жылдам болмауға тиіс.
- Ингаляцияны қысқа уақытқа ұзу қажет болған кезде, мүштікті ауыздан шығарып, содан кейін қайтадан ауызға салу керек.




⚠ Назар аударыңыз! Мүштікті пайдаланып ингаляция жасаған кезде, онда дәрі-дәрмектік препараттың бөліктері шөгуі мүмкін. Ондай жағдайда процедурадан кейін төмендегі әрекеттерді орындау қажет:

- Препараттың төгілмеуін қадағалап, мүштікті бүркігіш камерадан ағыту.
- Препаратты мүштіктен дәрі-дәрмекке арналған сыйымдыққа қайта төгу.
- Егер оның көлемі 0,5 см³ асатын болса, процедураны қалған препаратпен жалғастыру.

Бетперде арқылы ингаляциялар:

- Бетперде мен бүркігіш камераның арасында өткізгішті орнатып, оны бүркігіш камераға бекіту керек.
- Бетпердені мұрын тұсынан сәл басу керек. Бетперде мұрын мен ауызды қатты қыспай толық жабуға тиіс.



- Мұрын арқылы баяу және терең дем тартып, дем шығарыңыз. Емнің тиімділігін арттыру үшін дем тартқаннан кейін тынысты сәл кідірту керек. Процедураны тыныш, жайбарақат күйде жүргізген жөн. Тыныс тегіс болуға, әрі онша жылдам болмауға тиіс. Ингаляцияны қысқа уақытқа үзу қажет болған кезде, бетпердені беттен шешіп, содан кейін қайтадан ауыз бен мұрынның үстіне орналастыру керек.

Ингаляция жүргізу:

Аспапты қосу/өшіру түймешігінің көмегімен қосыңыз. Жұмыс индикаторының (көгілдір шам) жанғанын тексеріңіз. Процедураның барысында аспапты бүрку үдерісіне нұқсан келтірмей, максимум 45° градусқа алдыға, артқа немесе қапталға еңкейтуге болады. Алайда аспаптың ішіне сұйық түскеннен туындайтын ақаулықтар болмас үшін, бүркігіш камера толы тұрғанда оны шайқамаған жөн. Жайсыздың сезімі пайда болған кезде процедураны дереу доғару керек.

Аспап препарат аяқталатын уақытта іске қосылатын автоматты ажырату құрылғысымен жабдықталған.

Кез келген жағдайда, аэрозоль ағыны жоқ болса, ингаляторды (небулайзерді) өшіру қажет. Егер препарат бітсе, аспапты қосуға тыйым салынады, өйткені бұл сынуға әкеліп соғуы мүмкін. Ингаляторды (небулайзерді) қосу/өшіру түймешігін басып, кез келген сәтте өшіруге болады.

⚠ Назар аударыңыз! Деммен тартылатын аэрозольдің температурасы қоршаған ортаның температурасына және дәрі-дәрмектік ерітіндінің температурасына байланысты. Егер ерітінді тоңазытқышта сақталса, қолданардың алдында оны 16-20 °C температураға дейін жеткізген жөн.

⚠ Назар аударыңыз!

- Егер препарат бітсе, аспапты қосуға тыйым салынады, өйткені бұл сынуға әкеліп соғуы мүмкін.
- Батареялардың зарядталу деңгейі төмен болғанда батареялардың разрядталу индикаторы жанады және аспап біраз уақыттан соң дәрі-

дәрмекке арналған сыйымдықта препараттың бар болғанынан тәуелсіз автоматты түрде ажыратылады.

- Батареялардың заряды тіпті аспап пайдаланылмайтын уақытта да азая береді, сондықтан ұзақ уақыт пайдаланбайтын жағдайда, батареяларды шығарып қойған жөн.
- Пайдаланылған батареяларды әдеттегі қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайды. Аккумуляторларды кәдеге жаратуға арналған арнайы контейнерлерді пайдалану қажет.

Бүркігіш камера мен дәрі-дәрмекке арналған сыйымдық тозуға бейім жұмсалмалы бөлшектер болып табылады.

Олардың қызмет мерзімі көптеген факторларға: пайдаланылуының ұзақтығына, препараттардағы түрлі заттектердің құрамына, сондай-ақ емдеу процедурасын өткізгеннен кейін дұрыс тазалауға және қызмет көрсетуге байланысты. Бүркігіштің орташа қызмет мерзімі жарты жылды құрайды. Жаңа бүркігіш камераны немесе дәрі-дәрмектік камераны сатып алу мәселесі бойынша уәкілетті сервис орталығына жүгінуді өтінеміз.

Электр желісінен қуат алатын адаптерді пайдалану (Стандартты жиынтықталымға кірмейді)

Аспапқа қуат жіберу төрт AA типті 1,5 В сілтілі батареясынан немесе AD-114C адаптерін (стандартты жиынтықталымға кірмейді) пайдалану арқылы электр желісінен жүзеге асырыла алады. Бүркігіштің астыңғы бөлігіндегі электр шығысын қорғап тұрған резеңке бөгетті ағыту. Адаптерді алдымен ағытпа арқылы ингаляторға, содан кейін 220 В 50 Гц желісіне қосыңыз.

⚠ Назар аударыңыз:

- Тек «Би Велл» фирмасының адаптері пайдаланылады. Басқа адаптерлерді пайдалану аспаптың сынуына әкеліп соғуы мүмкін.

Бактериялық ластану

Жұқтыру және ластану тәуекелдігі бар аурулар орын алған кезде, дара саптамаларды пайдаланған жөн (тек қана емдеуші дәрігердің нұсқауларына сәйкес)

5. Тазалау, күтім және сақтау

- Тазалардың алдында батареяларды алып шығыңыз, немесе, электр желісінен қуат алатын жағдайда, адаптерді желіден және ингалятордан ағытыңыз. Аспаптың төменгі бөлігінде оны сұйық түсуден қорғайтын резеңке аратөсемшенің орнатылғанын тексеріңіз.
- Аспаптың қақпағын шешіңіз де, бүркігіш камераның қақпағын ашыңыз. Камерадан онда қалған препаратты төгіңіз. Дәрі-дәрмекке арналған сыйымдық пен бүркігіш камераны төмендегідей түрде тазалаңыз: дәрі-дәрмекке арналған сыйымдықтың астыңғы бөлігінде тұрған екі құлыпты қатарынан басып, оны аспаптың корпусынан ағытыңыз. Бүркігіш камераны ағытпаңыз.
- Дәрі-дәрмекке арналған сыйымдыққа 8 мл дезинфекциялық ерітінді (спиртті дезинфекциялық ерітінді немесе 3 – 8% сутек тотығының ерітіндісін) құйыңыз, 10 минут қоя тұрыңыз, содан кейін камераны ақырындап шайқаңыз. Ерітіндіні төгіңіз.
- Дәрі-дәрмекке арналған сыйымдыққа 8 мл су құйыңыз, 10 минут қоя тұрыңыз, содан кейін камераны ақырындап шайқаңыз. Суды төгіңіз.
- Бүркігіш камераны сағат тіліне қарсы 45 градусқа бұрып, оны дәрі-дәрмекке арналған сыйымдықтан ағытып алыңыз, және аққан судың астында жуыңыз. Дәрі-дәрмекке арналған сыйымдықты да сондай-ақ аққан судың астында жуыңыз.
- Бүркігіш камераның үстінде орнатылған екі сарғыш бұранданы спирт ерітіндісіне малынған мақталы таяқшаның көмегімен тазартыңыз. Қайтадан аққан судың астында жуып, құрғауға мүмкіндік беріңіз. Тазалауды аяқтағаннан кейін бөлшектеу бойынша әрекеттерді кері ретте орындап, бүркігіш камераны дәрі-дәрмекке арналған сыйымдықтың үстіне орнатыңыз. (Екі сарғыш бұранданың жағдайын тексеріңіз, олар төменге қарап тұруға және дәрі-дәрмекке арналған сыйымдықтың түбімен бір деңгейде болуға тиіс).
- Дәрі-дәрмекке арналған сыйымдықты аспаптың корпусының үстіне орнатардың алдында, оның толық құрғағанына көз жеткізіңіз. Орнату үшін дәрі-дәрмекке арналған сыйымдықты аспаптың корпусының үстіне қойып, шыртыл естілгенге дейін ақырындап басыңыз.

- Аспаптың сыртқы беттерін суға малынған жұмсақ шүберек пен бейтарап сабынның көмегімен тазалаңыз. (аспапты түгелдей аққан судың астында жууға тыйым салынады. Аспапқа сұйық түспеуін қадағалау қажет).

Жұқпалардың өрбу тәуекелдігін азайту үшін, саптамаларды әрбір пайдаланғаннан кейін оларды дезинфекциялауды жүргізген жөн. Ол үшін мүштікті, өткізгіш пен бетперделерді аққан судың астында жуып, 10 минутқа дезинфекциялық ерітіндіге (спиртті дезинфекциялық ерітіндіге немесе сутек тотығының ерітіндісіне) салып қою керек, содан кейін саптамаларды шайып, қайтадан пайдаланардың алдында толық құрғату қажет. Ингаляторды алғаш рет пайдаланардың алдында оның барлық бөлшектері мен жиынтықтауыштарын да сондай-ақ дезинфекциялау қажет. Паспапты пайдаланардың алдында оның бөлшектері мен жиынтықтауыштары әбден құрғақ болуға тиіс. Аспап саптамаларымен бірге салқын құрғақ жерде жиынтықталымға кіретін сауытында сақталуға тиіс.

⚠ ЕСКЕРТУ: Жұқпалардың таралуынан сақ болу үшін, әрбір қолданғаннан кейін аспаптың бөлшектерін дезинфекциялық өңдеуді жүргізуге кеңес беріледі. Емдеу үшін тек Сіздің емдеуші дәрігеріңіз тағайындаған препараттарды пайдаланыңыз және оның нұсқауларын қатаң ұстаныңыз. Аспапты ашуға тыйым салынады. Бұл аспапты жөндеу тек B.Well компаниясы ұсынған техникалық қызмет көрсету орталықтарында жүзеге асырылуға тиіс.

Ескерім: 3 ай қарқынды іске пайдаланғаннан кейін бүркігішті ауыстыруға кеңес беріледі.

Күтім және сақтау.

Сіздің аспабыңыз Сізге ұзақ қызмет ете алуы үшін, төмендегі нұсқауларды ұстаныңыз:

- аспапты тым жоғары немесе төмен температура, жоғары ылғалдылық жағдайында немесе тура күн көзінің астында сақтамаңыз;

- аспапты және кез келген пайдаланылған керек-жарақтарды кәдеге жарату жергілікті нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс;
- ешқашанда тазалауды бензин, еріткіш немесе от қауіпті химиялық құралды пайдаланып жүргізбеңіз.

6. Ықтимал ақаулықтар кестесі

Әлдебір ақаулықтар туындаған жағдайда, кестені мұқият зерделеп шығып, оларды жоюға талпынып көріңіз.

Нышаны	Ықтимал себебі	Шешім
Қосқан кезде аспап жұмыс істемейді.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аспап дұрыс жиналмаған. 2. Батареялар разрядталған. 3. Аспап электр желісіне дұрыс қосылмаған. 4. Электр қуаты жоқ. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аспапты дұрыстап жинаңыз. 2. Қуат элементтерін ауыстырыңыз. 3. Дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. 4. Электр тогының ажыратылмағанына көз жеткізіңіз.
Аэрозоль мүлдем түзілмейді, не болмаса жеткіліксіз көлемде түзіледі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бүркігіш камерадағы препарат таусылуға шақ қалған. 2. Ингаляцияға арналған сұйықтықта көпіршіктер жүр. 3. Бүркігіш камерада соңғы процедурадан бері препараттың қалдықтарының қалмағанын тексеріңіз. 4. Процедура кезінде бүркігіштің еңіс бұрышы 45° градустан асып кеткен. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Дәрі-дәрмектік құралға арналған камераға препарат құйыңыз. 2. Бүркігіш камерадан көпіршіктерді кетіріңіз де, содан кейін ажыратқыштың түймешігін басыңыз. 3. Бүркігіш камераны тазалаңыз немесе жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз. 4. Ингаляция уақытында аспапты дұрыс күйде ұстаңыз.

7. Техникалық сипаттамалары

Қуат көзі:	AA сыныпты 1,5 В 4 аккумуляторлық батареясы
Іске пайдалану шарттары:	Температура: мин. 5° С, макс. 40° С
Салыстырмалы ылғалдылық:	80%-дан кем, конденсат жоқ болғанда
Сақталу шарттары:	Температура: мин. 10°С, макс. 40°С
Салыстырмалы ылғалдылық:	80%-дан кем, конденсат жоқ болғанда
Ультрадыбыстың жиілігі:	100 кГц
Бүркілу жылдамдығы:	шамамен 0,35 мл/мин
Аэрозольдік бөлшектердің орташа диаметрі:	4,8 μm (микрон)
Тыныстайтын препараттың максималды көлемі:	макс. 8 мл = 8 см ³
Габариттері:	7,5 × 7,5 × 14,4 см
Массасы:	300 г
Батареялардың жұмыс уақыты:	шамамен 100 минут

BF типті бұйым

IIa сыныбының бұйымы (орташа қолдану тәуекелдігі бар)

Жоғарыда берілген деректер бағдарлық болып табылады және бүркілетін заттектің физикалық сипаттарына (температурасына, тұтқырлығына, тығыздығына) байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Аспаптың техникалық сипаттамалары мен дизайнын жақсарту мақсатында, олардың алдын ала құлақтандырусыз өзгертілуі мүмкін.

8. Сертификаттар

Аспаптың және жиынтықтауыштардың жоғары сапасы құжаттармен расталады:

РОСЗДРАВНАДЗОР тіркеу куәлігі (ФС №2006/91, 30.01.06 жыл).

Ресей Госстандартының сәйкестік сертификаты.

9. Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші 10 жыл бойы бұйымға ақысыз сервистік қызмет көрсетуді* және аспап сатып алынған күннен бастап 24 ай бойы кепілдік міндеттемелерді қамтамасыз етеді.

Кепілдік мерзімінің барысында өндірістік ақаулық анықталған кезде ақаулы аспап жөнделеді, ал жөндеу мүмкін болмаған жағдайда ақысыз ауыстырылады.

Кепілдік міндеттемелер тек кепілдік талоны түгелдей толтырылған және сауда орнының мөрі немесе техникалық қызмет көрсету мөрі болған кезде қолданылады.

Аспаптың корпусында механикалық әсердің іздері, майырылымдаар, жарықшалар, кетіктер және т.б., корпусы ашудың іздері, уәкілетті техникалық қызмет көрсету орталығынан тыс жөндеуге талпыныстың іздері, корпусың ішіне түскен ылғалдың немесе агрессивті заттектердің әсерінің іздері орын алған кезде, сондай-ақ тұтынушы пайдалану нұсқаулығында баяндалған аспапты сақтау, тасымалдау және техникалық іске пайдалану ережелерін бұзған басқа жағдайларда жүргізілмейді.

Кепілдік жиынтықтауыштарға, тозуға бейім жұмсалмалы бөлшектерге (бүркігіш камераға, дәрі-дәрмекке арналған сыйымдыққа, мүштікке, бетперделерге және басқасына), сондай-ақ батареялар мен аспаптың қапталымына таралмайды.

Кепілдік электр желісіне B. Well компаниясы ұсынбаған желілік адаптерлер арқылы қосудың салдарынан, сондай-ақ электр желісінің асқын кернеуінің салдарынан туындаған ақауларға таралмайды.

Осы кепілдіктің шеңберінде, сондай-ақ ақылы техникалық қызмет көрсету жөнінде ақпаратты уәкілетті сервистік орталықтан немесе Ресей бойынша ақысыз жедел желінің 8-800-200-33-22 телефоны арқылы алуға болады.

B. Well аспаптарының қызмет мерзімі кем дегенде 10 жыл болып белгіленген.

* ақысыз сервистік қызмет көрсету – өндірушінің айыбынан туындаған бұйымның кемістіктерін (ақауларын) жою.

B.Well өнімдерінің жоғары сапасын ескергенде, аспаптардың іс жүзіндегі қызмет мерзімі ресмиінен айтарлықтай асып түсуі мүмкін. «Би Велл» компаниясының саясаты өнімдерді үнемі жетілдіріп отыруды көздейді. Осыған байланысты, компания алдын ала құлақтандырусыз және өндірістік талаптарға сәйкес өнімге түгелдей немесе ішінара өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Жасап шығарылған күні сериялық нөмірде көрсетілген – алғашқы екі сан шығарылған жылы, келесі екі сан – шығарылған айы.

Орталық қызмет көрсету орталығы

B.Well компаниясының Ресейдегі сервистік қызмет көрсету орталығы

Мәскеу, «Альфа-Сервис» ЖАҚ, Бехтерев көшесі, 27-ші үй,
Тел. (495) 325-45-63

Өз қалаңыздағы сервистік шеберханалардың мекен-жайларын
Сіз **8 800 200-3322** тегін жедел желі телефоны арқылы немесе Альфа-Медика компаниясының веб-торабынан біле аласыз **www.alpha-medica.ru**

Қазақстандағы орталық сервистік қызмет

Алматы, Чайковский көшесі, 22-ші үй, 209-шы офис
тел. +7 (727) 279-81-21

Жұмыс режимі: дсн. – жм. 10.00 – 17.00;

сб. жсб. – демалыс

Тұтынушылардан өнім сапасы туралы түскен шағымдарды Қазақстан Республикасы аумағында қабылдайтын ұйымның атауы және мекен-жайы: Қазақстан Республикасындағы өкілдігі:

ЖШС «DIOMED», Алматы, Чайковский көшесі, 22-ші үй, 211 офис
тел.: +7 (727) 233 57 21, факс: +7 (727) 273 60 06

Өндіруші:

Би.Велл Лимитед, 758 Грейт Камбридж Роад, Энфилд, Мидлсекс, EN1 3PN,
Ұлыбритания www.b-well.ru

Өндіруші зауыттың мекен-жайы:

69-шы үй, Мацзялун өнеркәсіптік ауданы, Наньшань ауданы, Шэньчжэнь қаласы, Лайка, Қытай



B.Well Limited

758 Great Cambridge Road, Enfield, Middlesex, EN1 3PN.

United Kingdom.

www.b-well.ru